

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ШЕГІРТКЕДЕН

ҚОРЫҚҚАН ЕГІН ЕКПЕС

«ШЕГІРТКЕЛЕР ЕГІН ЖЕР, ЕКПЕЙ, СЕППЕЙ ТЕГІН ЖЕР» ДЕП ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ ТУРА АЙТҚАН ЕКЕН. ЖЫЛ САЙЫН ЖАЗДЫҒ АПТАП ЫСТЫҚ АЙЛАРЫ БАСТАЛҒАНДА ЕГІН ЕККЕН ШАРУАЛАРДАН МАЗА КЕТЕДІ. СУДЫҒ МӘСЕЛЕСІ БӨЛЕК ӘҢГІМЕ, МҰНДАҒЫ ЖАҒАДАН АЛЫП ТҰРҒАНЫ БАРМАҚТАЙ ҒАНА ШЕГІРТКЕНІҢ ҚАЛЫҒ ӘСКЕР СИЯҚТЫ ҚАПТАП КЕТКЕНІ. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ТҮРКІСТАН, ҚАРАҒАНДЫ, АБАЙ, ҚОСТАНАЙ СИЯҚТЫ БІРНеше ОБЛЫСТА ШЕГІРТКЕЛЕР ЖАЙПАП КЕТКЕН АЛҚАПТАРДЫҒ ЖАҒДАЙЫН КӨРІП ОТЫРМЫЗ. ӨКІНІШТІСІ, ОСЫ ШЕГІРТКЕЛЕРДІҒ ҚАПТАП КЕТКЕНІН ТИІСТІ МАМАНДАРДАН ЕМЕС, АЛДЫМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН КӨРІП, ХАБАРДАР БОЛАМЫЗ. ХАЛЫҚ ШУЛАП, БАЙБАЛАМҒА САЛҒАН КЕЗДЕ БА-РЫП ЖАУАПТЫЛАР ЖАПАТАРМАҒАЙ ЖҰМЫСҚА КІРІСЕДІ.

Шегіртке азық таңдамайды, алдынан егін алқабы шықса да, мал жайылып жүрген жайылым болса да жайпап кете береді. Жебір жәндіктерден осындай зардап шеккен ауыл тұрғындары: «Жайылымда шөп қалмады. Малымыз аш қалатын болды-ау! Енді қайтеміз?», – деп дабыл қағуда.

Шегірткенің жайылымдағы шөпті жайпап кеткенінің салдары мұнымен біте қоймайды екен. Ақпараттық сайттардың бірі жазғанындай, шегіртке жеп кеткен шөп 3-4 жылға дейін өспей қалады екен. Міне, сол кезде малдың жайы не болмақ? Сондықтан зиянды

шегірткелердің санын азайту – мемлекет назарындағы басты мәселе болып отыр.

«Үкімет қажетті ұйымдар құрып, материалдық-техникалық қолдау көрсетуде, ғылыми-зерттеу жұмыстарына да демеу беруде», – дейді мамандар. Деректерге сүйенсек, шегірткемен күресуге Үкімет резервінен 2022 жылы 2,5 млрд. теңге, 2023 жылы 3,8 млрд. теңге, ал биыл 8,1 млрд. теңге бөлінген. Байқап отырғанымыздай, бұл мақсатқа бөлінген қаражат көлемі жылдан жылға артуда. Себебі зиянкестер де жылдан жылға көбейіп барады. Оған өзіміз де куә болып отырмыз.



Еліміздің әр аумағындағы жұрт шегіртке деп шулап жатқанда біздің облыстағы жағдай қалай? Зиянкестермен күрес қалай жүріп жатыр? Бұл сұрақтарға ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Жетісу облысы бойынша аумақтық инспекциясының басшысы Саят Сарқытбайұлы Сақмолдин жауап берді.

Маманның айтуынша, зиянкестердің жаппай көбейіп, таралуына себеп аз емес. Бірінші себеп бәрімізге белгі-

лі – шегіртке «көшпенді» зиянкес. «Сондықтан оған қарсы күрес шараларын көршілес аудан, облыс, тіпті шегаралас ел болып бірлесе жүргізу керек», – дейді Саят Сарқытбайұлы. Екінші себеп тағы да экологияға келіп тіреледі. Ғаламдық жылыну, күн белсенділігінің артуы, су қорының азайып, жайылымдардың құрғауы, осының бәрі шегірткенің көбеюіне әсер етеді екен.

Жалғасы 2-бетте

БАСПАСӨЗ - 2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы

1 жылға – 3640 теңге.

облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы

1 жылға – 4477,20 теңге.

ауыл тұрғындары үшін

1 жылға – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции

на год – 3640 тенге.

для города областного значения через "Казпочту"

на год – 4477,20 тенге.

для сельского населения

на год – 4700,80 тенге.

Индекс: 15534

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ШЕГІРТКЕДЕН

ҚОРЫҚҚАН ЕГІН ЕКПЕС

Жалғасы. Басы 1-бетте

Рас, табиғатта бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Тепе-теңдік бұзылмау керек. Алайда, адамзат экология мәселесінде мұндай тепе-теңдікті баяғыда бұзып алды емес пе? Ендігі біздің қолымыздан келетіні – тек салдарымен күресу.

Шегірткенің таралуына үшінші себеп – әр 10-12 жыл сайын шегіртке тұқымдастары көбейіп, шарықтау шегіне жеткен соң өзі қайта азаятын көрінеді. Бұл құбылысты ғалымдар зерттеп, оны да күн белсенділігімен байланыстырып отыр.

– Азиялық шегіртке мен итальяндық прус зиянкестердің ішіндегі ауыл шаруашылығына ең қауіптісі. Осындай қауіпті үйірлі шегірткелермен күрес шаралары республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Ал саяқ шегірткелерге қарсы күрес шараларын жергілікті бюджет қаржыландырады. Биыл Жетісу облысында шегіртке тектес аса қауіпті зиянкестерге қарсы күрес жұмыстары мемлекеттік бюджет есебінен 109,416 мың гектар жерде жүргізіледі. Оның ішінде республикалық бюджеттен итальяндық прусқа 58,978 гектар, азиялық шегірткеге 13,930 мың гектар жерде жүргізу жоспарланған. Облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға 36,508 мың гектар жерде үйірсіз саяқ шегірткелерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары атқарылады. Осы жұмыстарға 14 жерүсті, 4 әуеден бүріккіш техника жұмылдырылған. Инспекциямыздың ұсынуымен, облыс әкімінің өкімімен шегіртке тектес зиянкестерге және басқа да аса қауіпті зиянды ағзалар мен карантиндік нысандарға қарсы күрес іс-шараларын ұйымдастыру жөніндегі облыстық штаб, облыстық жұмысшы комиссия-



сы және жергілікті жерлерде аудандық, қалалық арнайы жұмысшы топтары құрылды. Зиянкестермен күресті ұйымдастыру шаралары жоспарланып, әр елді мекендегі мекеменің тиісті жұмыстарын үйлестіру қарастырылған. Зиянкестер байқалған жағдайда қайда, кімге хабарлау керектігі айқындалған, – дей келе Саят Сақмолдин облыс әкімінің өкімімен осы жылдың 22 мамырында зиянкестерге қарсы күрес жұмыстарының жүргізілу барысын бақылайтын штабтың да құрылғанын тілге тиек етті.

Облыстағы өсімдіктерді қорғау, өсімдік ауруларын тауып, олардың экономикалық зиян тигізу шегін (ЭЗТШ) анықтау, химиялық өңдеуді болжамдау «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдау әдістемелік орталығы» РММ-нің Жетісу облысы бойынша филиалына жүктеліпті. Аталған

мекеменің аудандық бөлімшелеріндегі мамандардың күшімен жыл сайын 2 миллион гектардан астам ауыл шаруашылық жерлерінде анықтау-зерттеу шаралары жүргізіледі екен. Инспекция басшысы облыстық филиал мен аудандардағы мекемелердің автокөліктермен және барлық қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілгенін және ондағы мамандардың жеткілікті екенін баса айтты.

ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Жетісу облысы бойынша аумақтық инспекциясы берген деректерге сенсек, бүгінде облыс көлемінде жоспарланған 109,416 мың гектар жердің 78,438 мың гектары өңделген (яғни 72%). Оның ішінде итальяндық прус шегірткесіне қарсы 41,426 мың гектар жерге, азиялық шегірткеге қарсы 5,040 мың гектар жерге, ал саяқ шегірткеге қарсы –

31,972 мың гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілген.

– Жетісу облысы бойынша аумақтық инспекцияның аудандардағы инспекторлары қожалық етуші барлық субъектілердің заң талаптарын мүлтіксіз сақтауын қадағалайды. Инспекторларымыз шаруа қожалығы иелеріне химиялық препараттарды дұрыс қолдану тәртібін түсіндіру кеңес беру сияқты жұмыстарды тұрақты түрде жүргізіп тұрады. Қысқы агрооқулар кезінде өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі Заң талаптарының орындалуы туралы мәліметтер беріліп, осы аталмыш тақырыптарды қамтыған мақалалар облыстық, аудандық мерзімді басылымдарда тұрақты түрде жарияланып келеді, – деген Саят Сарқытбайұлы республика, облыс тарапынан қомақты қаржы бөлініп, жүйелі жұмыс жүргізілгенінің арқасында былтыр облыс көлемінде ауыл шаруашылық жерлері өсімдік зиянкестерінен аман қалғанын ерекше атап өтіп, биыл да жүйелі жұмыстардың нәтижелі болатынына сенім білдірді.

Қазақта «Шегірткеден қорыққан егін екпес» деген сөз бар. Бір жағынан шегіртке жайпап жатса, адам да әйтеуір амалдап азығын табады. Қазір шегіртке жейді екен деп егін екпей отыратын күн емес. Үкімет барынша қолдау көрсетіп жатқанда зиянкестермен күрес тоқтамайды.

Бұл орайда тұрғындардың да белсенділік танытқаны жөн. Шегіртке тектес зиянкестердің ошақтарын көріп қалса кез келген азамат жұмысшы топтарына немесе ауылдық әкімдіктерге дереу хабар беру керек. Осылайша, әр азамат зиянкестермен күреске өз үлестерін қоса алады. «Тұрғындар пестицидтерді (улы химикаттарды) қолданып жатқан жерлерге бармаулары керек. Өңделген жерлерге 21 күнге дейін мал жаюға болмайды, омарташылар бал араларының омарталарын өңдеу алаңдарынан 3-4 шақырым аулақ ұстағандары жөн. Бір сөзбен айтқанда, тұрғындар сақтық ережелерін қатаң сақтаулары қажет», – деген Саят Сарқытбайұлы сөз соңында тұрғындарды қырағылыққа шақырды.

Айнұр ӘБДІРАХЫМ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

КӨШҚАБАТТЫ ҮЙ АУЛАЛАРЫН

Талдықорған қаласының тұрғыны көпқабатты үйдің ауласын гүлденген баққа айналдырды. Ол үйдің кіреберіс тұсына жыл сайын сан түрлі гүл өсіреді. Бұл гүлдер қара суық түскенше өңін бермейді.

гүлденген баққа айналдыруда

игі іс бос жатқан жер учаскесін тиімді пайдалансақ деген ниеттен басталған еді.

«Медицина саласында жұмыс істедім, зейнеткерлікке шыққаннан кейін бос уақытым көбейді, сосын гүл өсірумен айналыса бастадым. Мен әртүрлі гүл өсіремін. Шырайгүл, түймедақ, балшатыр, бақытгүл, астра, барқытагүл, қоңырауагүл және басқа да көптеген түрлері бар. Ал бөртегүл көктемде гүлдейді. Жалпы гүлдің 60-тан астам түрі бар. Әсіресе, тас раушан өте ерекше гүл. Өз қолыммен гүлзар жасадым. Басқа да гүл өсірушілермен араласып тұрамын. Біз бір-бірімізбен тәжірибе алмасамыз, бір-бірімізге көшет, тұқым береміз. Біз өз қолымызбен оазис жасап отырмыз, соны күтеміз, суарамыз. Әрі әдемі, әрі пайдалы. Көршілерге ұнайды, олар



бізге қолдау көрсетеді, бірге қуанады, балалар да гүлге ұқыпты қарайды», – деді Ольга Николаевна қала тұрғындарын өз аулаларын безендіріп, көгалдандыруға шақырып.

Облыс орталығының тағы бір тұрғыны өз ауласын көгал-

дандырумен 15 жылдан бері айналысып келеді. Ол 50 сотық жерге үлкен гүлзар жасап, жеміс ағаштарын өсіріп отыр. Ләззат Асанова көшесіндегі №69 көпқабатты үйдің ауласын гүлді баққа айналдыру үшін Татьяна Ибрагимованың

қанша тер төккенін гүлзарға қарағанда ақ ұғыну қиын емес. Гүл өсірушінің өзі мұнымен шектелмейтінін айтады, өзінің туған қаласына деген сүйіспеншіліктің айқын үлгісін көрсетіп, гүлдің жаңа сорттарын отырғызуды жалғастырмақшы.

Талдықорған қаласы әкімдігінің мәліметінше, биыл облыс орталығында «Үлгілі аула» байқауы өтеді. «Байқаудың басты мақсаты – қаланың кескін-келбетін жақсарту, аулалардың таза, әрі жинақы болуын насихаттау. Сондай-ақ, аула аумақтарының санитарлық жағдайы мен көгалдандырылуын, абаттандырылуын қолға алу», – дейді сала мамандары.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



АКОРДА

ПРЕЗИДЕНТ ПОДПИСАЛ ЗАКОН «О МАСС-МЕДИА»

Теперь срок исковой давности к материалам СМИ составляет 1 год

ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОДПИСАЛ ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О МАСС-МЕДИА», СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АКОРДЫ.

Закон разработан для исполнения поручения главы государства, данного в рамках Послания народу Казахстана от 16 марта 2022 года «Новый Казахстан: путь обновления и модернизации», о пересмотре закона о средствах массовой информации с учетом интересов государства, запросов общества и тенденций развития медиасферы.

В новый закон вошли основные положения законов «О средствах массовой информации» и «О телерадиовещании», которые утратили силу.

В законе введено новое, более широкое понятие «масс-медиа», которое включает в себя не только средства массовой информации, но и интернет-ресурсы. Предусмотрено создание Единой медиаплатформы, на которой будет реализовываться государственная информацион-

ная политика, включая предоставление грантов для негосударственных СМИ, аккредитацию журналистов при государственных органах и организациях в упрощенном порядке (автоматизированный процесс выдачи аккредитационных карт) и другие функции. Установлены дополнительные правовые гарантии для журналистов. Введено понятие «особый статус журналиста», предусматривающее защиту его прав и свобод, расширенные права при поиске, запросе, получении и распространении информации.

Установлен срок исковой давности по требованиям, предъявляемым к СМИ об опровержении сведений, не соответствующих действительности и порочащих честь, достоинство и деловую репутацию, в виде 1 года со дня опубликования таких сведений в СМИ.

Усовершенствован порядок аккредитации представительств иностранных средств массовой информации и их журналистов.

Сокращен срок рассмотрения запросов СМИ с 7 до 5 рабочих дней, что позволяет журналистам получать необходимую информацию в кратчайшие сроки, тем самым сохраняя актуальность информационной повестки дня.

Для саморегулирования деятельности СМИ предусмотрено создание общественно-профессиональных советов, которые могут быть организованы как на республиканском, так и на региональном уровнях. Основной функцией данных советов является разработка Этического кодекса журналистов.

Усовершенствованы механизмы финансирования государственной информационной политики через внедрение грантового финансирования.

Для защиты интересов национального телерадиовещания увеличен еже-



недельный объем отечественных теле-, радиопрограмм на государственном языке с 50% до 60%. Аналогично в ежедневном объеме увеличено количество отечественных телепрограмм и музыкальных произведений казахстанских авторов (исполнителей и отечественных радиопрограмм) с 2025 года — 55%, с 2027 года — 60%. Снижен с 20% до 10% объем ретрансляции иностранных теле-, радиопрограмм на отечественных теле- радиоканалах. Установлен запрет на распространение и (или) размещение информации, пропагандирующей самоубийство, информации о способах и призывах к совершению самоубийства.

КОЛЬЕ С БРИЛЛИАНТОМ ИЛИ ПОРОДИСТОЕ ЖИВОТНОЕ — ЧТО НУЖНО ДЕКЛАРИРОВАТЬ, РАССКАЗАЛИ В КГД

О ВСЕОБЩЕМ ДЕКЛАРИРОВАНИИ В КАЗАХСТАНЕ

Всеобщее декларирование в Казахстане требует указывать зарубежное имущество, крупные денежные средства, доли в иностранном капитале, инвестиционное золото и ценные бумаги, а также дорогие культурные ценности и интеллектуальную собственность. Исключения предусмотрены для государственных служащих в командировках, на лечении или учебе за границей.

Эксперт управления администрирования доходов физических лиц Комитета государственных доходов (КГД) Гульден Хасенова подробно рассказала о всеобщем декларировании в Казахстане, разъяснив, что и как необходимо указывать в декларациях, передает E1.kz.

Формы деклараций

Всеобщее декларирование в Казахстане подразумевает две основные формы: входная декларация по форме 250 об активах и обязательствах, которую необходимо подать единой, и ежегодная декларация по форме 270.

Что указывать в 250-ой форме?

В форме 250 необходимо указывать следующие активы:

Движимое и недвижимое имущество за рубежом: Если имущество зарегистрировано за пределами Казахстана, его нужно указать. Имущество, находящееся в Казахстане, декларировать не требуется.

Денежные средства на иностранных банковских счетах: Если сумма на счетах превышает 1000 месячных расчетных показателей (МРП), то такие средства нужно декларировать. Например, если у вас в российских банках хранится 100 тысяч рублей, в Эмиратах — две тысячи долларов, а в швейцарских банках — пять тысяч евро, и в совокупности эта сумма превышает 1000 МРП, такие средства подлежат декларированию.

Для государственных служащих и приравненных к ним лиц законом о противодействии коррупции установлено, что они не имеют права иметь счета за рубежом, за исключением следующих случаев:

Командировка за рубеж и получение там зарплаты. Лечение за рубежом. Обучение за рубежом. Доверенное сопровождение родственников, находящихся на лечении за границей. Доля участия в иностранном капитале: Если у вас есть доли в капитале компаний, зарегистрированных за рубежом, их необходимо указать в декларации. Активы, которые не нужно указывать.

Депозиты в банках второго уровня в Казахстане декларировать не требуется.

Что необходимо указывать независимо от страны регистрации?

Некоторые виды активов должны быть указаны в декларации вне зависимости от того, зарегистрированы они в Казахстане или за его пределами:

Доля участия в уставном капитале жилищного строительства: Например, если вы заключили договор с строительной организацией на строительство жилья.

Инвестиционное золото: Инвестиционные металлы должны быть задекларированы.

Ценные бумаги и цифровые активы: Это включает производно-финансовые инструменты и цифровые документы.

Авторские права: Права на интеллектуальную собственность также подлежат декларированию.

Другое имущество стоимостью свыше 1000 МРП: Это могут быть культурные ценности, например, картины известных художников или дорогостоящие ювелирные украшения, переданные по наследству.

Дебиторская и кредиторская задолженность: Все виды задолженностей также необходимо указывать в декларации.

УНИКАЛЬНОЕ СТРОИТЕЛЬСТВО

КАК СТРОИТСЯ САМЫЙ ДЛИННЫЙ МОСТ В КАЗАХСТАНЕ

О строительстве самого длинного моста в стране через Бухтарминское водохранилище, рассказали в Минтрансе.



Общая длина двухполосного автомобильного моста через Бухтарминское водохранилище у села Куйган в Восточно-Казахстанской области составит 1316 метров, передаёт BaigeNews.kz со ссылкой на ведомство.

Как отметили в Минтрансе, мост через Бухтарминское водохранилище необходим для круглогодичного бесперебойного движения транспортных средств между Жарминским, Катон-Карагайским, Курчумским, Кокпектинским, Зайсанским и районом Алтай Восточно-Казахстанской области.

«Говоря о технических параметрах объекта, стоит отметить, что общая протяженность строящегося мостового перехода с автодорожными подходами составляет порядка 20 километров. По основному мосту завершены работы по возведению 18 опор из 21, продолжаются работы по возведению конструкций на 3 опорах.

На объекте функционирует причал, временные строительные площадки для изготовления комплектующих деталей, подведены инженерные сети. В целях ускорения работ возведение моста ведется одновременно с двух сторон, как с левого, так и с правого берегов», - говорится в сообщении.

На данный момент полностью завершено строительство временного технологического моста, который обеспечивает необходимые площадки для выполнения работ.


ӘЛЕУМЕТ

АУЫЗ СУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**«АЙТА-АЙТА
АЛТАЙДЫ, ЖАМАЛ
АПАМ ҚАРТАЙДЫ»
ДЕМЕКШІ, АУЫЗ СУ
МӘСЕЛЕСІНІҢ ЖЫРЫ
ӘЛІ ТӘМӘМ БОЛМАЙ
ТҰР. ЭКС ПРЕЗИ-
ДЕНТ НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВ
ЕЛ БАСҚАРЫП
ТҰРҒАН КЕЗЕҢДЕ
2001-2030 ЖЫЛҒА
ДЕЙІН АУЫЗ СУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК
ДЕҢГЕЙДЕ ЖОСПАРЫ
ЖАСАЛЫП, 2002
ЖЫЛЫ «АУЫЗ СУ»
БАҒДАРЛАМАСЫ
ЕНГІЗІЛГЕН.**

2011 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы іске қосылып, ауыл-аймақ, елді мекендерге ауыз су құбыры тартылды. Бірақ «Ақбұлақ» бағдарламасы толықтай жүзеге аспады. Мұнда да жемқорлықтың иісі аңқып, прокуратура органдары талай шендінің ізіне түсіп, жемқорлықпен шатылғандарды «Антикор» абақтыға айдады.

2019 жылы Мемлекет басшысы болып Қасым-Жомарт Тоқаев сайланғаннан кейін де «Ауыз су» бағдарламасы күн тәртібінен түскен емес. Өзекті мәселеге орай Президент халыққа жолдауында таза су еліміздің барлық елді мекеніне қолжетімді болуы тиіс деген болатын. Көк сандықтың түймесін басып қалсаңыз, не интернет желісін көз сүзе қалсаңыз ауыз су, жол мәселесін айтып ұлардай шулаған халықты көресіз. Тұщы су ішіп, болмаса водовозбен тасымалданған көне құбырлардан алынған сулардың жеткіліксіздігі сөз болып жатады. Тіпті елді мекендерде ауыз су тартылады деп көшелерді қазып, құбыр тартылып, іс толықтай аяғына жетпей орта жолда қалған көріністер қылаң береді. Ал кейбір өңірлерде тартылған ауыз судың сапасы сын көтермей, елдің өкпе ренішін тудырған оқиғалар да аз емес. Мәселен, Жетісу облысының Қаратал ауданы Көпбірлік ауылына бір кездері ауыз су бағдарламасы бойынша әр үйдің ауласына дейін таза су тартылып, ауыл халқы қуаныштан бөріктерін аспанға лақтырған болатын. Алайда, бұл қуаныш ұзаққа созылмады. Жұмыс жүйелі



атқарылмағандықтан ауыл халқы баяғы тұщы суды қайта тұтынды. Жиі-жиі қондырғыдағы фильтрді ауыстыру қыруар қаржыны талап еткендіктен бұл мәселе қайта қаралып, бүгінде Көпбірлік ауылы таза ауыз су тұтынып отыр. Халықты таза әрі сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 2002-2010 жылдарға арналған «Ауыз су» бағдарламасы, одан соң 2011-2020 жылдарға арналған «Ақбұлақ» бағдарламасы жүзеге асырылған болатын. Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасынан кейін бұл мәселе «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының аясында қайтадан шешімін тауып, халықты таза ауыз сумен қамтуға бағытталған жобалар жүзеге асырылуда. Жетісу облысында жалпы 325 елді мекен орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. Биылғы жылы сумен жабдықтау жүйелерін салу және реконструкциялау бойынша 22 жобаны іске асыру жұмыстары басталды. Уақытылы және сапалы іске асыру нәтижесінде 430 шақырымға жуық желі салынады, 20 елді мекенде ауыз судың сапасы жақсарады деп күтілуде. Қазіргі уақытта конкурстық рәсімдер жүргізіліп, 2025 жылдың соңына дейін орталықтандырылған ауыз сумен 331 елді мекен қамтамасыз етілмек. Таза ауыз суға қатысты ауқымды жұмыстар жайлы журналистермен бас қосқан брифингте жиі айтылуда. Талдықорған қаласында Жастар 1 шағын ауданындағы ауыз су мәселесі де тілге тиек болған-

ды. Бұл енді шалғайдағы елді мекен емес, облыс орталығындағы өзекті мәселе. Қала тұрғындарының айтуынша, мұнда кейбір көшеде су жоқ болса, ал кейбірінде сапасы нашар екен. Қазіргі уақытта шағын аудан бойынша жоба дайын, мердігер компания да бар. Қаржы бөлінгеннен кейін қайта құру жұмыстары басталады. Ал кейбір жерлерге «Жетісу Су құбырымен» бірге судың қысымын реттеу жұмыстары жүргізілетін болады деп айтылған-ды.

Ауқымды тақырыптың аясында біз ЕСКЕЛДІ және КӨКСУ аудандарындағы ауыз су мәселесін қаузадық. Облыс орталығы Талдықорғанға тиіп тұрған екі ауданға сұрау салғанымызда Ескелді ауданындағы 11 округтің 7-еуі толық ауыз сумен қамтылса, 4 округте ағымдағы жылы су тарту жұмыстары жүргізіліп жатқаны белгілі болды. Атап айтқанда, Алдабергенов, Ақтұма, Ақешкі, Сырымбет ауылдары. «Сумен жабдықтау жүйелерін қайта құру және салу нысандары» деген атаумен өңірде ауыз сумен қамтылмаған елді мекен жоқ екендігін айтады аудан әкімдігі. Ауыл аймақтардағы су құбырын тарту жұмыстары ағымдағы, яғни 2024 жылы толық аяқталады деп жоспарлануда. Мәселен, Ақешкі ауылындағы су құбырын қайта жаңғырту нысанының жұмыстары 2021 жылы басталған. Бас мердігер «Дәнекер» ЖШС, келісімшарт бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары – 250,2 млн. теңге. Жұмыстарды орындау мерзімі

8 ай, игерілген қаражат көлемі 222,4 млн., қалдық сома 27,8 млн. Атқарылған жұмыстар көлемі 98 пайыз. Жалпы ұзындығы 9 км су құбырлары толығымен тартылып, су мұнарасы салынды. Ауыз су жүйесін қысыммен тексеру жұмыстары жүргізілу үстінде, 10-11 маусымда дезинфекция жұмыстары жүргізіліп, содан кейін халыққа ауыз су беріледі. Нысанда 4 адам және 1 техника жұмыс жасауда, жұмысты аяқтау мерзімі алтыншы айға жоспарланған. Ақтұма ауылындағы су құбырын қайта жаңғырту жұмыстары да 2021 жылы басталған. Мұнда бас мердігер «Монолит» ЖШС, келісімшарт бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны – 170,8 млн. теңге. Жұмыстарды орындау мерзімі 8 айға жоспарланған. Игерілген қаражат көлемі 162,2 млн. теңге болса, қалдық сома 8,6 млн. теңге. Атқарылған жұмыстар көлемі 90 пайыз, жалпы ұзындығы 2,5 км. Бүгінгі таңда нысанда су мұнарасында абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Нысанда аяқтау мерзімі маусым айында толығымен аяқталуы тиіс болатын. Алайда, аталған ауылдарда маусым айында аяқталуы тиіс жұмыстар мерзімі шілде айына шегерілген. Мердігер компаниялар жұмысты межелеген мерзімде аяқтамай, созбалаңға салынуы жақсылықтың нышаны емес. Сырымбет ауылындағы су құбырын қайта жаңғырту объектісі де үш жыл бұрын басталыпты. Бұл нысанда «Монолит» ЖШС келісімшарт

бойынша сегіз айда аяқтау керек. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны – 356,7 млн. тенгеге бағаланған. Игерілген қаражат көлемі 305,6 млн. теңге болса, қалдық сома 51,1 млн. теңге. Жұмыстың 92 пайыз көлемі атқарылған. Жалпы ұзындығы 14 км, бүгінгі таңда 13,2 км аяқталған. Бұл нысанда қазіргі уақытта 3 адам, 1 дана техника жұмылдырылған. Нысанды аяқтау мерзімі тамыз айына жоспарланған. Екі мәрте Социалистік Еңбек ері Нұрмолда Алдабергенов атындағы ауылда да су құбыры қайта жаңғыртылуда. Бұл нысанда 2021 жылы басталған жұмыстың бас мердігері «Көлсайстрой» ЖШС, келісімшарт бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары – 791,2 млн. теңге. Жұмыстарды орындау мерзімі 10 айға жоспарланған. Мұнда да атқарылған жұмыс көлемі 98 пайызға орындалған. Жалпы ұзындығы 29 км. Игерілген қаражат көлемі 721,7 млн. теңге. Қалдық сома 69,5 млн. теңге. «Мұнда қазір тек қана көшелердің асфальт төсеніштерін қалпына келтіру жұмыстары қалды» – деген аудан әкімдігі жеті аудандық округте су тарту жұмысы 2015 жылдан бері қарай жүзеге асып келе жатқанын айтты. Алдағы уақытта Ақтасты ауылында жөндеу жұмыстарын жасау жоспарланған, оған 830 млн. қаржы керек болса, Жалғызаш ауылындағы жөндеу жұмыстарына 1,4 млрд. қаражат қажет. Елді мекендерге су жергілікті қаражат есебінен, Республикалық және Ұлттық қордан бөлінуде.

ҚАШАН АЯҚ ТАЛАДЫ?

Ал КӨКСУ ауданында ауыз сумен қамту бойынша ШЖҚ «Көксу жылу-су сервис» МКК қызмет көрсетеді. Аудандағы 10 ауылдық округте орналасқан 24 ауыл толығымен таза ауыз сумен қамтылған. Халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 3.Тамшыбай атындағы ауылда және Көксу станциясында сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңарту және салу бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге 18,5 млн. теңге бөлініп, биыл аяқталады деп күтілуде.

Қазіргі таңда Балпық би ауылындағы су құбырларын ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу мақсатында мемлекеттік сатып алулар ұйымдастырылып, нәтижесінде «Ақжол-Ырыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісімшарт жасалған. Келісімшарттың жалпы сомасы 20 млн. 134,4 мың теңгені құрады, жобаның аяқталу мерзімі ағымдағы жылдың 31 желтоқсанға жоспарланған. Аудан бойынша ауыз су

сумен қамту жүйелерін пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ететін көрсеткіштер белгіленіп, су шаруашылығы секторының инвестициялық тартымдылығына және сумен қамту нысандарын қаржыландыруға жекеменшік капиталды молынан тарту ісіне мән берілген-ді. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларының әлеуетін молынан пайдалануға екі түсіріп, сумен қамту жүйелерін жобалаудың сапасын көтеру ескерілген болатын. Су шаруашылығы секторының жағдайына мониторинг жүйесін енгізуге мән беріліп, жаңа бағдарламаны жасау барысында ескерілген осынау жүйелік тәсілдер ауылдық және қалалық жерлердегі сумен қамту жүйелерінің жағдайын зерттеу ісі талап етілген. Осы зерттеудің нәтижесінен белгілі бір қорытынды шығарылып, ауылдық және қалалық жердегі ауыз сумен қамту жобаларының арнайы тізбесі жасалуы тиіс болған. Мұнан кейін бұл жобалар Экономикалық даму және сауда, Қаржы министрліктерінің

зерттеулердің нәтижелері, жоба жүзеге асырылған кезде оны пайдалану ісін ұйымдастыратын ұйымның болуы, жобаны қаржыландыруға жергілікті бюджеттің де қатысуы секілді өлшемдер басшылыққа алынған. Бұл «Ақбұлақ» бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 қараша күнгі қаулысымен бекітілген-ді. Бағдарламаның басты мақсаты – халықты қажетті мөлшердегі және сапасына кепілдік берілетін ауыз сумен қамтамасыз етуі тиіс еді. Алайда, «Ақбұлақ» бағдарламасының міндеттері толық жүзеге аспады. «Жең ұшынан жалғасқан жемқорлық мұнда да қылаң берді. Ауыл-аймақтарға тартылған ауыз судың құбыр жүйелеріндегі шикілікті кезінде прокуратура органдары анықтаған болаты. Жетісу облысы бөлінбей, Алматы облысының құрамында болғанда ауыз судың жыры, Еңбекшіқазақ ауданының «Казатком» ауылының тұрғындары «Жас-Алаш» газетіне ауылға ауыз су тартуға қарсы мақала жариялап, қоғамды біраз дүрліктірген-ді.

Кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келетін таза ауыз су бағдарламасының әу бастағы жоспарында инвестиция тарту көзделген. Мәселен, салынған инвестициялардың қайтарымдылығына кепілдік беру мақсатында ұзақ мерзімді тарифтер белгіленетіні айтылған. Елді мекендерге таза суды пайдаланушыға дейін жеткізуде белгілі бір бөлігінің жоғалып кетуі немесе шығындалған жағдайда ғылыми негіздік нормаларға дейін төмендеуіне де мән берілген. Бұл бағдарламада, инвестиция салған кәсіпкерлердің де жағдайы ескерілген әрі оны жүзеге асыру екі кезеңнен құралған болатын. Бірінші кезең – 2011-2015 жылдар, екінші кезең – 2016-2020 жылдар аралығы еді. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында барлық ауылдық елді мекендердің 80 пайызында орталықтандырылған сумен қамту жүйелеріне халықтың қолын жеткізу болса, қалалық елді мекендерде 100 пайызды құрайтын болады делінген еді. Сумен қамту және кәріз жүйелерін пайдалану

қолданудың үлесін 60 пайызға дейін арттырып, 3 мыңнан астам елді мекенді жерасты су қорларымен қамтамасыз ету қажет болған. Сондай-ақ, қалалар мен елді мекендер үшін су қорларының көлемін қайта бағалау мақсатында 165 су көзінің кен орындарына барлау жұмыстарын жүргізу, топтық су құбырлары үшін 15 су көзінің кен орындарының көлемін қайта зерттеу, 86 қала мен 6943 елді мекендегі сумен қамту және кәріз жүйелерінің жобаларын жүйелі мониторингпен қамту, халықты тәулігіне 24 сағат сумен қамтуға қол жеткізу жоспарланған еді.

2024 жылы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің құрылысы мен реконструкциясына 218 млрд. теңге көзделген. ҚР Өнеркәсіп және қорылыс министрі ҚР Үкіметінің отырысында Қанат Шарлапаев «сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің құрылысы мен реконструкциясы» туралы баяндамасында 2023 жылдың қорытындысы бойынша халықты сумен қамтамасыз ету қалаларда 98,9 пайызды, ал ауылдарда 96,6 пайызды құрағанын айтты. Сондай-ақ ол еліміздің 9 өңірі сумен 100 пайыз қамтылғанын, Маңғыстауда толық, ал Атырау және Алматы облыстарында халықтың 99 пайызы сумен қамтылғанын тілге тиек етті. Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің құрылысы мен реконструкциясына республикалық бюджеттен 324 жобаны іске асыруға 218 млрд. теңге көзделгені белгілі болды. Оның 106 млрд. теңгесі қалаларға және 112 млрд. теңгесі ауылдарға бағытталыпты. Сондай-ақ, жобаларды іске асыру есебінен 2024 жылдың аяғына дейін қала тұрғындарының 99,5 пайызын және ауыл тұрғындарының 97,8 пайызын ауыз сумен қамтамасыз ету жоспарланған. Республика аймағындағы 89 қаланың 65-і толықтай сумен қамтылса, жыл аяғына дейін Шымкент, Державинск, Шемонаиха, Екібастұз және Шардара қалалары толықтай сумен қамтамасыз етілмек. Ал 2025 жылы 19 қаланың тұрғындарын 100 пайызға ауыз сумен қамтамасыз ету жоспарланған. Сондай-ақ, қалалардағы су желілерінің құрылысы бойынша 83 жобаны іске асыру міндеті тұр, 27 жобаны ағымдағы жылдың соңына дейін, ал 28 жобаны 2025 жылы аяқтау жоспарланған. Деректер бойынша 6256 ауылдың 5 130-ы ауыз сумен қамтамасыз етілсе, қалған 1126 ауылды 2025 жылдың соңына дейін қамту көзделген. Оның ішінде, 316 ауыл орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілетіні белгілі болды.

Айтақын БҮЛҒАҚОВ
Суреттер ғаламтордан
алынды.



құбырының ұзындығы 269,65 км, кәріз жүйесінің ұзындығы 8,09 км құрайды. Ауыз су бойынша тұтынушылар саны – 7397, кәріз жүйесіне қосылған тұтынушылар саны – 1069.

Елді мекендерді және қаланы таза ауыз сумен қамту нысандарын әу баста жаңадан салғанда және бұрынғыларын қайта жарықтандырыған кезде жүйелі әдіс-тәсілдерді енгізу көзделген. Елді мекендердегі

қарауына тапсырылып, аталған министрліктердің жобаларды қаржыландыру ісіне қатысты талаптары орындалған жағдайда бұл тізім Премьер-министрдің бірінші орынбасары төрағалық ететін Ведомствоаралық комиссияның қарауына берілетін болған. Мұнда жобалық-сметалық құжаттарды қараған кезде оларды жүзеге асыру үшін тиісті дәлелденген су қорларының болуы, жоба туралы

Алматы қаласының іргесіндегі Талғар, Еңбекшіқазақ, Іле аудандарының елді мекендеріндегі тұрғындар ауыз судың қиындығын күні бүгінге дейін айтып келеді. Ауылға құбыр тартып, су әкелеміз деп тендерді ұтып алған кейбір мердігерлер жұмысты толық аяқтамай, орта жолда тастап кеткендер жайлы ақпараттар қамысқа тиген өрттей қаулағаны күні кеше ғана болатын.

кәсіпорындарының ішіндегі жекеменшік капиталдың, соның ішінде концессиялық келісімдер негізінде қатысушылардың санын 19 бірлікке дейін жеткізіп, қалалық жерлерде су есептегіш құралдарымен қамтуды 100 пайызға, ал ауылдық елді мекендерде 80 пайызға жеткізу көзделген. Сумен қамту және кәріз жүйелері жобаларын жүзеге асырған кезде қазақстандық бұйымдар мен технологияларды

МЕЖДУНАРОДНЫЙ СЕМИНАР

ПОЛЬЗА РАЗВИТИЯ ЗЕЛЕННОЙ АРХИТЕКТУРЫ

РАЗВИТИЕ ЗЕЛЕННОЙ АРХИТЕКТУРЫ – ОДИН ИЗ ИНСТРУМЕНТОВ СДЕРЖИВАНИЯ ГЛОБАЛЬНОГО ПОТЕПЛЕНИЯ. ТАКОМУ МНЕНИЮ ПРИШЛИ УЧАСТНИКИ МЕЖДУНАРОДНОГО СЕМИНАРА, ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА НИИ «АЛМАТЫГЕНПЛАН».

На площадке НИИ «Алматыгенплан» состоялся Международный семинар на тему «Зеленая архитектура» и «Городской тепловой остров» с участием профессора архитектуры Университета Бахрейна, PhD Исмаил Хамди Элгонаими и партнера и руководителя Cushman&Wakefield в Казахстане, MBA Гульшат Сариевой.

Открывая семинар, генеральный директор НИИ «Алматыгенплан»

глобального потепления – развитие в городах зеленой архитектуры. Сегодня мы хотим выслушать мнения и ознакомиться с презентациями зарубежных коллег, больше узнать о мировом опыте», – заключил урбанист.

По данным синоптиков, в Алматы средняя температура воздуха в летний день составляет +27 °С, а вечером падает до +23 °С – т.е. ситуация намного лучше, чем во многих странах. Однако, в крупных городах образуются тепловые острова (УИ) – территории, где минимум на 1-3°С выше,



не просто эстетической составляющей, но и своеобразной городской фермой по выращиванию продуктов», – считает зарубежный эксперт.

Для чего нужно зеленое строительство в Казахстане и как

Сейчас планомерно озеленению в городе мешают точечные застройки, говорят эксперты. Однако, новые Проекты детальной планировки (ПДП) полицентров этот фактор исключают.

«Для решения «горячих» проблем городов использует все современные инструменты. Так по Генеральном плану мы планируем увеличить число зеленых насаждений до 12 кв м на человека. В ПДП полицентров заложены зеленые (парки, скверы, бульвары и т.п.) и водные зоны (зоны вокруг водоемов, не подлежащие капитальной застройке), создание арочной системы и многое другое», – подчеркнул Асхат Садуов.

Кроме того, формирование Транспортного каркаса с акцентом на развитие общественного транспорта и его экологичность (ЛРТ, метро), снизит потребность в использовании личного автомобиля, что благотворно отразится на экологии. В рамках дизайн-кода рекомендуется вдоль фасадов и входных групп высаживать компактные деревья или кустарники. На стенах приветствуется и практикуется вертикальное



Асхат Садуов напомнил, что вопросы глобального потепления остро стоят во всем мире.

По данным Программы окружающей среды ООН, сегодня только 8% из 2,8 млрд человек, живущих в местах, где среднесуточная температура выше 25°С, имеют кондиционеры. При этом, от жары больше страдают жители бедных районов – у них меньше возможностей установить кондиционеры и нет доступа к прохладным зеленым зонам. Этот факт становится причиной серьезных осложнений здоровья человека в группах риска.

«Один из инструментов сдерживания

чем на окружающей сельской или менее застроенной местности, отмечает Ислам Хамди Элгонаими.

Одна из представленных на семинаре презентаций доктора наук была посвящена использованию «умных» технологий в зеленой архитектуре.

«Эти инструменты позволяют экономить воду, электроэнергию и сокращать выбросы углекислого газа. Я также хочу выделить особую роль ландшафтных архитекторов в интеграции этих технологий, оптимизации распределения ресурсов и повышения устойчивости городского озеленения. Кроме того, участки озеленения могут стать

выгодно построить здание по зеленому стандарту, рассказала партнер

и руководитель Cushman&Wakefield в Казахстане, MBA Гульшат Сариева.

«Строительство по зеленым стандартам – это так же актуально, как строить сейсмоустойчивые здания в Алматы. Все, что мы строим сегодня, будет достоянием будущих поколений. Мы можем и должны проектировать и возводить здания, которые улучшат условия их жизни» – сказала Гульшат Сариева.

озеленение, заключил руководитель НИИ «Алматыгенплан».

В конце мероприятия участники задали вопросы спикерам и обсудили актуальные методы озеленения городских пространств.

По интересующим вопросам обращаться в пресс-службу НИИ «Алматыгенплан»: a.kemelbekova@almatygenplan.kz

Ш. ХАМИТОВ.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

ИЗ БЫТОВОГО МУСОРА БУДУТ ВЫРАБАТЫВАТЬ ЭЛЕКТРОЭНЕРГИЮ

«Завод по переработке мусора с китайским участием построят в казахстанской столице», – передает Sputnik.kz



Китайская компания ShenzhenEnergy планирует построить в Астане завод по сжиганию бытового мусора для выработки электроэнергии. Об этом в кулуарах седьмого Казахстанско-китайского Делового Совета сообщил представитель компании господин Ли.

Компания ShenzhenEnergy принадлежит муниципалитету города Шенжень. В деятельность компании, уточнил он, входит чистая энергия, зеленые технологии, выработка электроэнергии и цифровых технологий.

«Стоимость и сроки проекта пока неизвестны, вопрос прорабатывается совместно с акимом Астаны. Проектная мощность завода – в день будет сжигать 1500 тонн бытового мусора для выработки электроэнергии», – сообщил представитель компании ShenzhenEnergy.

Он отметил, что завод будет построен с применением самых последних технологий, так как компания имеет аналогичные проекты по всему миру.

Кроме того, в Костанайской области с участием Китая построят завод по глубокой переработке зерна.

Сумма проекта – 50 миллиардов тенге (105 миллионов долларов). Китай предоставит технологии биоинженерии и современное оборудование.

«На нем будут производиться уникальные для Казахстана продукты, в частности, лизин – это незаменимые аминокислоты в составе комбикорма для животных, которые сегодня Казахстан не производит», – пояснил гендиректор KazFoodProducts Алихан Талгатбек.

Завод построят в течение двух лет. Он сможет перерабатывать более 1200 тонн зерна в сутки.

«ПРАВОПОРЯДОК»

В Алматы продолжается общереспубликанское оперативно-профилактическое мероприятие «Правопорядок». В минувшие выходные на дорогах города выявлено порядка двух тысяч правонарушений, львиную долю из них допустили пользователи электросамокатов и мопедов, передает корреспондент агентства Kazinform.

МЕРЫ ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ИСПОЛНЕНИЯ



Как сообщили в департаменте полиции мегаполиса, с начала локальной отработки по выявлению правонарушений в части эксплуатации самокатов и мопедов, стартовавшей 1 июня, к административной ответственности привлечены 4,8 тысячи водителей мопедов и 5,2 тысячи самокатчиков.

— Особое внимание обращено эксплуатации двухколесного транспорта несовершеннолетними. Порядка 100 родителей привлечены к ответственности за допуск своих детей к управлению самокатами и мопедами, что в целом противоречит закону и нормам безопасности, – отметил начальник управления местной полицейской службы ДП города СерикШумаев.

По словам спикера, в результате масштабных рейдовых мероприятий на специализированную штрафную стоянку водворены более тысячи мопедов, а также 3,6 тысячи автомобилей.

— Принимаемые министерством внутренних дел меры позволили несколько стабилизировать ситуацию с эксплуатацией самокатов: установлены возрастные ограничения, требования по обязательному использованию средств защиты, перевозке пассажиров. Однако трагедии продолжают происходить. Статистика вызывает обеспокоенность и тревогу, – заметил он.

Он отметил, что пользователи самокатов – одна из уязвимых категорий участников дорожного движения. С начала года с участием самокатов и мопедов произошло 463 ДТП, в результате чего 500 человек травмированы, семеро погибли. В 68 случаях двухколесным транспортом управляли дети.

ШАРА

ҚАЙСАР ҰЛЫ ХАЛҚЫМНЫҢ



ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ҚАРАСТЫ АЛАКӨЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫ АЛАКӨЛ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫМЕН БІРГЕ «ҚАЙСАР ҰЛЫ ХАЛҚЫМНЫҢ» АТТЫ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ, АРМИЯ ГЕНАРАЛЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ, «ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ» САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ АЯСЫНДА ПОРТРЕТТІК КЕШ ӨТТІ.

Кеште Сағадат Нұрмағамбетовтің өмірбаяны мен еңбек жолынан ақпарат беріліп, қатысушыларға сардардың өмірі мен еңбек жолына қатысты бірнеше сұрақ қойылды.

Сонымен қатар, сарбаз Қазыбек Ерлік «Жауынгердің ұраны» атты өлеңін мәнерлеп оқыса, Санжар Сабыржан Құрманғазының «Балбырауын» күйін нақышына келтіре орындады.

Шара соңында сарбаздарға Сағадат Нұрмағамбетов туралы видео көрсетіліп, кітапхананың библиографы Айгүл Қабыдоллақызы әзірлеген кітап көрмесі ұсынылды. Кітапхана ұжымы Алакөл шекара басқармасының жеке құрамына «Алты Алаштың Алакөлі» атты энциклопедияны сыйға тартты.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.

МЕДИАЦИЯ

БІТІМГЕРШІЛІКТІҢ АСТЫ ЖОЛЫ

КҮНДЕЛІКТІ СОТТЫҢ КҮЙБЕЛЕҢ ТІРШІЛІКТІҢ ҚАЗАНЫНДА ҚАЙНАЙ ЖҮРІП, КҮН САЙЫН НЕШЕ ТҮРЛІДАУ -ДАМАЙДЫҢ КҮӘСІ БОЛЫП ЖҮРЕМІЗ. СОНЫҢ ІШІНДЕ, ӨКІНІШТІСІ, СОЛ ТҮЙМЕДЕЙ НӘРСЕНІ ТҮЙЕДЕЙ ЕТІП, СОТТЫҢ АЛДЫНА КЕЛІП, БЕТ ЖЫРТЫСЫП ЖАТҚАН АЗАМАТТАРДЫ КӨРГЕНДЕ ҚАТТЫ ҚЫНЖЫЛАСЫҢ.



Сотқа арыз жазушының төлейтін баж салығы жұрттың бәріне қолжетімді арзан болғандықтан ба, әлде қарсы тарапты соттың алдына алып келіп, тәубасына келтіруді қызық көретіндер көбейіп кеткендіктен бе қит етсе мәселенің байыбына бармастан арызын арқалап сотқа жүгінуді дағдыға айналдырғандарды да кездестіріп жатамыз. Бүгінгі таңда дауласушы тараптарды татуластырудың тиімді де пайдалы жолы бола бастаған медиация заңының қоғам қажеттілігіне айнала бастағаны баршаға аян. Сондықтан дауды шешудің қысқа да нұсқа тәсілі ретінде өзін кеңінен таныта бастаған дауды сотқа дейінгі де, сот барысында да бітімгершілік жолмен шешумен аяқталып жатқан істердің қатары барынша арта түсуде. Дегенмен, осы тиімді тәсіл жайлы мағлұматы жоқ адамдар да әлі көптеп саналатыны даусыз. Оны сот процесі барысында жиі кездестіруге болады. Осыны ескере отырып, медиация жайлы оқырмандар назарына тағы да ұсына кетсек артық болмас деп ойлаймыз.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі

болып табылады. Медиацияның мақсаты – дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Осы орайда сот әділдігін іске асырған қазақ билерінің ел ішіндегі дау-дамайды ұшықтырмай, іштей келісімге келтіріп, шешіп отырғанын атап өту керек.

Сайып келгенде алдағы уақытта да медиация заңының қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын пәрменді жүргізу керек, ол ортақ міндет. Соттасу көп уақытты, қомақты қаражатты, адамдардың жүйкесінің төзімділігін қажет ететіндігі белгілі. Осындай келеңсіз жағдайларға түспеу жолы – дауды медиация жолымен сотқа жеткізбей шешу, медиация заңының қолданылу аясын арттыру. Оған барлық құқық қорғау органдары, билік өкілдері, қоғамдық ұйымдар атсалысуы тиісті. Себебі дауды ұшықтырмай, сотқа жеткізбей медиация тәртібімен шешу қарапайым халық үшін өте тиімді, әмбе қоғамда әлеуметтік шиеленістерді болдырмаудың кепілі болмақ. Яғни бұл тәсілдің пайдасы зор екені күмәнсіз.

Айнұр ОРМАШЕВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы.

МАМАН МІНБЕРІ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялап, егеменді ел ретінде етек жеңін жиғаннан бастап еліміздің сот жүйесіне баса мән беріліп келеді. Ал 1995 жылғы Конституция сот билігін мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде жүзеге асырудың негіздерін регламенттеді.

ХАЛЫҚ СЕНІМІНЕН ШЫҒУ ЖОЛЫНДА

Ата Заңымыз азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституция мен заңдардың орындалуын қамтамасыз етуді, судьялардың құқықтық мәртебесін, сот төрелігі қағидаттарын және басқа да маңызды ережелерді айқындады. Атап айтқанда, Мемлекеттік билікті соттардың жүзеге асыратын тікелей нысаны ретінде сот төрелігі туралы, сот органдарының заң шығарушы және атқарушы құрылымдардан тәуелсіздігі туралы принципті жаңа қағидалары енгізілген болатын. Аталмыш заң соттардың функционалды сипатын ғана емес, олардың әлеуметтік мәнісін де өзгертті. Конституцияға сәйкес төрелік сот таратылып, олардың қызметтері жалпы юрисдикциядағы соттарға берілді және осылайша сот жүйесінің біртұтастығы бекітілді.

Сот билігі мен сот жүйесін жетілдіруде «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының аясында жарияланған бес институционалдық реформаның алатын орны ерекше. Заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты сот жүйесі бес сатылы сот жүйесінен үш сатылы сот жүйесіне көшті. Сот сатыларының азаяуы істердің тез қаралуын және азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдетуге, сотқа деген халықтың сенімін күшейтуге, әр сот сатысының істі қараудағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Жаңа судьяларды іріктеу тәртібі түбегейлі өзгерді. Сот билігін жүргізетін тұлға судья болғандықтан оған деген талап айтарлықтай күшейтілді.

Судьялардың зейнетақымен, тағы басқа материалдық құндылықтармен жан-жақты қамтылуымен бірге, оның күнделікті жұмысына, адами мінез-құлқына, кәсіби деңгейіне деген талаптар мен жауаптылық артпақ. Сотпен қаралатын істердің заң аясында қаралуын қамтамасыз ету мақсатымен ендігі жерде барлық сот процестері бейне және таспаға жазу арқылы қаралатын болады, ол жазбаларды судьялар түзетуге мүмкіндіктері болмайды.

Халық сенімінен шығу жолында азаматтық процесте соттың рөлі күшейе түсті. Егер бұрын процесте судья талап арыздар мазмұнымен шектелген болса, қазір оған істің барлық мән-жайын анықтау үшін бастама көтеру өкілеттігі берілген. Ол тараптар ұсынбаған дәлелдемелерді талап етуге, тараптармен істің мән-жайын талқылауға, процесс барысында тараптардың дәлелдері туралы өз пікірін айтуға құқылы. Сондай-ақ, тараптардың татуласуы үшін қосымша жағдайлар жасалады. Соттар бірқатар артық сот рәсімдерінен құтылды, бұл істерді неғұрлым жедел және тиімді шешуге мүмкіндік береді. Электронды сот төрелігі бөлігінде және сот ісін жүргізуді оңайлатуға және процеске тартылған барлық адамның мүддесіне бағытталған басқа да жаңалықтар енгізілді. Қылмыстық процесте алқабилер сотының соттылығы кеңейтілді.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
Алматы облысы Іле аудандық сотының судьясы.

ТҰСАУКЕСЕР

«АНДАС» ШЕЖІРЕ КІТАБЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

КӨКСУ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ «АНДАС» ШЕЖІРЕ КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ.

Іс-шараға өткенін ұмытпайтын, бабалары ұлықтайтын, бар қазаққа жалғызым деп құшағын жайған өнер иелері мен жетісулық ақын-жазушылар қатысты.

Шарада «Анда» шежіре отауының жетекшісі Алпысбай Рахымов өзінің жылы лебізімен бөлісті.

«Анда» шежіре кітабының тұсауы кесіліп оқырманға жол тартты. Жеті ата-сына сөз келтірмеген замандастарымыздың белсенділігімен және біліктілігімен санасына сіңген, жүрегіне ұялаған бұл туындыны бағалайтын оқырман көп болады деген сенімдемін. Бұл кітаптың шығуына мың деректерді жинастыруға 100-ден астам азамат жұмылдырылды. Екі қарап, бір шоқып қолға түскен әр деректі анықтады. Осындай тынымсыз ізденіс төрт жылға созылды. Бұл шежіре кітабы әр әулеттің төрінен орын алып, ұрпақ тәрбиесінің арқауына жарасын», – дей келе кітаптың екі мың данамен жарыққа шыққанын тілге тиек етті. Сонымен қатар, кітаптан түскен қаржының тең бөлінінін айтты. Яғни 1 миллион теңгенің сертификаты облыстық С. Сейфуллин атындағы әмбебап кітапханасына табысталса, 2 миллион теңгенің айналасындағы үш бірдей сертификаттың бірі

Орақты батыр қоғамдық қорына және арнайы азаматтарға берілді.

Шараны өткізудегі мақсат – бұрынғы өткен батыр бабалар, арқалы ақындар, кемеңгер көсем, ділмәр шешен, әділ билердің есімдерін бүгінгі ұрпақтың есіне алғызып, жан дүниесін жаңартып, төл тарихымыздың толысуын көрсету, халықтың зейіні, зердесі, жадысы, ата-бабаға деген перзенттік пейілі бұзылмағанын көрсету, жас ұрпақтың өз елінің тарихын сыйлауға, тануға баулу, жер жаннаты Жетісудың ел қорғаған ерлерін, жұртты сүйсіндірген дүлдүлдерін, ұрпақ тәрбиелеген данагерлерін, тарихи тұлғаларын қастерлеп, қадірлеп, уағыздап, дәріптеп, тарих ғалымдарының зерттеулерімен толықтырып, өлкетану үрдісін кеңейту; ұлы балалар дәуіріндегі ұлы тұлғалардың атын атап, төл тарихымызбен асыл құндылықтарымыздың көкжиегін көрсету, ерлік жолдарын еске алып көнені жаңарту, тәрбиені нығайту, жастар санасында ұлт және елжандылық намысты көрсету.

Әдеби кеш соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Зарина БЫЖЫБЕК
КӨКСУ АУДАНЫ



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

154 МЫҢ ЖЕТІСУЛЫҚ АТСАЛЫСТЫ

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы басталған үш айға жуық уақыттың ішінде «Таза бейсенбі», «ROAD-эстафета», тарихи-мәдени мұра ескерткіштері мен объектілерін вандализм іздерінен тазарту іс-шараларына жалпы саны 154 мыңнан астам адам, атап айтқанда кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, волонтерлар, жастар, шағын және орта бизнес өкілдері, жалпы облыс тұрғындары белсене атсалысты.

«Таза Қазақстан» экоакциясы «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» бағыттары бойынша жүргізілді. Солардың ішінде текеліліктер де тазалық шараларында белсенділік көрсетуде. Өткен аптаның соңында қаланың 150-ден астам тұрғыны Қаратал

өзенінің жағалауын тазалады. «Текелі Су құбыры» кәсіпорны, «Гараж» ЖК және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі тарапынан қоқыс тиегіш 2 техника, қоқыс таситын 3 техника жұмылдырылды. Экологиялық акцияға тұрақты

шығатындардың арасында кәсіпкерлер де бар. Солардың бірі Сәкен Сандыбаев өзінің жеке нысанының маңайын ғана емес, жалпы қаланың тазалығын сақтап, абаттандыруға атсалысып келеді.

«Текелі – біздің туған қаламыз, ортақ үйіміз. Осында балаларымыз, немерелеріміз өсіп-өніп, ер жетіп келеді. Сондықтан қаланың болашағына да, тазалығына да бәріміз бірдей жауаптымыз. Осындай ортақ істерге бірге жұмылып, басқаларға үлгі боларлық іс-шараларды көптеп атқарайық», – дейді кәсіпкер.

Текелі қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Жетібаевтың айтуынша, осы акция басталғаннан бері қалада 34

сенбілік ұйымдастырылып, оған 3500 адам жұмылдырылған. 350 түп ағаш көшеті отырғызылып, 18 мыңға жуық гүл егілді, бей-берекет шашылған қоқыстар шығарылды.

Сол сияқты тазалық акциясына қатысқан Ақсу ауданының еріктілері Жансүгіров ауылындағы «Сегізбатыр» скверін абаттандырды. Оған қоса арықтарды тазалап, қоқыс шығарумен қатар көшеттерді суарып, көгалдандыруға да ерекше мән берілуде.

«Акция басталғалы тазалық шаралары тұрақты атқарылып келеді. Апта сайын «Таза бейсенбі» шарасын ұйымдастырамыз. Оған негізінен жастар белсенді қатысуда. Бұл өскелең ұрпақ-

тың қоршаған ортаға деген қамқорлығын қалыптастыруға үлкен ықпал етеді», – дейді Жансүгіров ауылдық округінің әкімі Ілияс Мұсабаламов.

Облыстық қоғамдық даму басқармасының мәліметінше, бұл шараға бүгінге дейін өңірде жалпы саны 154 мыңнан астам адам атсалысып, 1 102 техника жұмылдырылды. Тазалық шараларының нәтижесінде 6 162 тонна қоқыс шығарылып, 2 200 км арық желісі тазаланды. Облыс аумағында акция кезінде 29 514 түп ағаш отырғызылды.

Жетісу облысы
әкімінің
баспасөз қызметі.

ӘСКЕРИ ӨМІР

СЕРЖАНТТАР КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

СЕРЖАНТТАР ҚҰРАМЫ – ҚАЗАҚСТАН АРМИЯСЫНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ БОЛҒАНДЫҚТАН ОЛАР ҮШІН АРНАЙЫ БІР КҮН БЕЛГІЛЕНДІ.

Осы күнге орай 18404 әскери бөлімі салтанатты іс-шара ұйымдастырды. Үлгілі қызмет атқарған үздік және мерзімінен бұрын әскери шен алған сержанттарды әскери бөлім командирі, подполковник Алмас Төлегенов құттықтап, оларға Алғыс хаттарды салтанатты түрде табыс етті.

Бөлімде өткен салтанатты шараға ардагер сержанттар да шақырылып, оларға Алғыс хат пен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Іс-шара ары қарай қаладағы Дәнеш Рақышев атындағы филармонияда жалғасын тапты. Онда сержанттар күніне арналған мерекелік кеш ұйымдастырылып, оған сержанттар құрамының отбасы мүшелері қонақ ретінде шақырылып, мадақтама табысталып, артынша көркемөнерпаздардың дайындаған мерекелік концертін тамашалады.

Сержанттар күні биыл үшінші жыл тойлануда. Айтулы күнде еліміздің жауынгерлік саласында әрі мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуде еселі еңбек атқарып жүрген сержанттар құрметке бөленді.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.



ЗАКОН

ЧТО ТАКОЕ РЕЦИДИВ ПРЕСТУПЛЕНИЯ

ПРИ ВЫНЕСЕНИИ ПРИГОВОРА УЧАСТНИКИ ПРОЦЕССА ЧАСТО ВСТРЕЧАЮТСЯ ВЫРАЖЕНИЕМ РЕЦИДИВ ПРЕСТУПЛЕНИЯ, КОТОРОЕ ВМЕНЯЕТСЯ ОСУЖДЕННОМУ. ВОЗМОЖНО, НЕКОТОРЫЕ НЕ СОВСЕМ ПОНИМАЮТ СМЫСЛ ЭТОГО СЛОВА. ПОЭТОМУ, В СЕГОДНЯШНЕЙ НАШЕЙ СТАТЕЙКЕ ХОТЕЛИ БЫ ДОВЕСТИ ДО ЧИТАТЕЛЕЙ СОДЕРЖАНИЕ ЭТОГО ЮРИДИЧЕСКОГО ТЕРМИНА.

Так, в статье 14 Уголовного кодекса Республики Казахстан дано понятие рецидива преступлений, а также приводятся основания признания рецидива опасным и особо опасным. Рецидивом преступлений признается совершение умышленного преступления лицом, имеющим судимость за такое правонарушение. В частности, указаны, что рецидивом преступлений признается совершение лицом тяжкого преступления, если ранее это лицо осуждалось к лишению свободы за совершение тяжкого преступления.

Опасным рецидивом преступлений признается совершение лицом: тяжкого преступления, если ранее это лицо дважды осужда-

лось к лишению свободы за совершение тяжкого преступления или было осуждено за особо тяжкое преступление; особо тяжкого преступления, если ранее оно было осуждено к лишению свободы за тяжкое или особо тяжкое преступление.

Судимости за преступления, совершенные лицом в возрасте до восемнадцати лет, а также судимости, снятые или погашенные в порядке, установленном настоящим Кодексом, не учитываются при признании рецидива преступлений и опасного рецидива преступлений. Рецидив преступлений и опасный рецидив преступлений влекут более строгое наказание на основании и в пределах, предусмотренных настоящим Кодексом.

Однако в следственной и судебной практике при признании в действиях виновного лица рецидива преступлений возникало множество вопросов. В связи с этим в целях обеспечения правильного и единообразного применения уголовного законодательства об определении вида рецидива и правовых последствиях, связанных с рецидивом, на пленарном заседании Верховного Суда РК 25 декабря 2007 года принято новое нормативное постановление № 8 «О применении судами законодательства о рецидиве преступлений».

Важность документа объясняется тем, что тщательное исследование всех обстоятельств, связанных с вопросами о рецидиве преступлений, влияет на юридическую оценку содеянного, правильное определение срока наказания и вида режима исправительной колонии.

В настоящем нормативном постановлении разъяснено, что рецидивом преступлений признается совершение лицом, имеющим неснятую и непогашенную судимость за умышленное преступление, нового умышленного преступления, за которое оно осуждается, независимо от тяже-

сти этого преступления и вида наказания, указанных в приговоре. Наличие конкретного вида рецидива преступлений признается судом по результатам рассмотрения уголовного дела в главном судебном разбирательстве при постановлении обвинительного приговора.

Рассмотрение вопроса о наличии у подсудимого рецидива преступлений и принятие соответствующего решения является не правом, а обязанностью суда. Поэтому во всех случаях, когда имеются предусмотренные законом основания, суд должен в описательно-мотивировочной части приговора приводить соответствующие мотивы и основания с указанием неснятых и непогашенных судимостей, тяжесть предыдущих и вновь совершенных преступлений, а в резолютивной части приговора излагать решение о признании соответствующего вида рецидива преступлений со ссылкой на соответствующий пункт и часть ст. 14 УК.

Айгуль КАСЕНОВА,
судья СМУС Алматинской области.

ВЕДЕТСЯ

ЦЕЛЕНАПРАВЛЕННАЯ РАБОТА

СЛУЧАЯМИ ВЗЯТОЧНИЧЕСТВА ИЛИ ХИЩЕНИЯ ДЕНЕГ В ОБЩЕСТВЕ УЖЕ НИКОГО НЕ УДИВИШЬ. НОВОСТНАЯ ЛЕНТА ПЕСТРИТ СООБЩЕНИЯМИ ОБ ОЧЕРЕДНОЙ КОРРУПЦИОННОЙ СХЕМЕ И ПОСЛЕДОВАВШИХ ЗА НЕЙ ТЯЖКИХ ПОСЛЕДСТВИЯХ. ЧТО ПОРОЖДАЕТ ЭТО ЯВЛЕНИЕ И ПОЧЕМУ МЫ НЕ МОЖЕМ С НИМ СПРАВИТЬСЯ? СЕГОДНЯ СЛЕДЫ КОРРУПЦИИ В БОЛЬШЕЙ ИЛИ МЕНЬШЕЙ СТЕПЕНИ МОЖНО НАЙТИ В ЛЮБОЙ СТРАНЕ. САМО ПОНЯТИЕ ПОЯВИЛОСЬ ЕЩЕ В ДРЕВНОСТИ И С ЛАТЫНИ ПЕРЕВОДИТСЯ КАК «РАСТЛЕНИЕ», «ПОДКУП» И «ПРОДАЖНОСТЬ».

Первые упоминания о ней встречаются в сочинениях древнейших цивилизаций — Египте, Месопотамии, Индии и Китае. Не исключено, что исторические корни коррупционного явления восходят к обычаю делать подарки вождям и жрецам, чтобы добиться их расположения.

Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти. Наше государство, как и многие другие страны мира, ведет целенаправленную работу по предупреждению и предотвращению коррупции. Казахстан — одно из первых государств СНГ, принявших антикоррупционное законодательство и присоединившихся к международным конвенциям по данному вопросу.

Надо отметить, что согласно 1 статьи Закона Республики Казахстан "О коррупции": «Под коррупцией в настоящем Законе понимается не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей, а равно подкуп данных лиц путем противоправного предоставления им физическими и юридическими лицами указанных благ и преимуществ». То есть, коррупция, прежде всего, это злоупотребление служебными полномочиями.

В целях искоренения этого социального зла, на сегодняшний день в Казахстане создана солидная нормативно-правовая база для борьбы с коррупцией: Закон РК «О борьбе с коррупцией», Указ Президента страны «О дополнительных мерах по усилению борьбы с преступностью и коррупцией и дальнейшему совершенствованию правоохранительной деятельности в РК», отраслевая программа по противодействию коррупции РК, Закон РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования борьбы с коррупцией».

Еркін ҚОПАБАЙ,
ведущий специалист Талдыкорганского
городского суда.

ЦИФРОВИЗАЦИЯ

МОДЕРНИЗАЦИЯ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ

В современном информационном обществе принцип плюрализма и открытости предусматривает, взаимодействие судебной системы с обществом, при этом процесс информатизации правосудия, делает судебную систему более эффективной.

В связи с этим, применение новых технологий должно рассматриваться как альтернативная форма организации осуществления правосудия, возможность граждан и непосредственных участников судебного процесса осуществлять предусмотренные законодательными актами права и обязанности. Так, к примеру, подача в суд документов в электронной форме, доступ к судебной информации, судебные извещения, онлайн участие в судебном заседании и оборот к судебным документам.

В настоящее время внедрение цифровых разработок рассматривается как необходимое явление, но вместе с тем, это не замена классического правосудия и переход к постоянному осуществлению только в электронном виде, а возможность без физического присутствия участие в процессе, упрощение механизма доступа и обеспечения оперативности.

Учитывая высокие темпы развития, приобретает важность автоматизация деятельности судебных органов, оптимизация и ускорение судебных процедур, для беспрепятственного доступа к правосудию и судебной информации.

Ведь, согласно Конституции Республики Казахстан правосудие осуществляется только судом, посредством установленных законом форм судопроизводства. Как известно судопроизводство - это осуществление судебными органами деятельности в соответствии с определенными процессуальными формами.

Исходя из этого, в условиях цифровизации и детализации все больше внимания уделяется развитию информационных и коммуникационных технологий, в том числе и в судебной системе идут обширные процессы модернизации. В этой связи разработана и эффективно внедряется Стратегия цифровизации судебной системы Республики Казахстан. Во всех судах Республики Казахстан существуют информационные технологии, такие как: Информационная система «Терелік», сервис «Судебный кабинет» и его мобильное приложение, «ВКС» (видеоконференцсвязь), МВКС (мобильная видеоконференцсвязь), «АВФ» (аудио-, видеофиксация) судебных заседаний.

Почти повсеместно внедрены онлайн-процессы, разработана цифровая судебная аналитика, проводится политика внедрения умных систем и искусственного интеллекта.

Электронный документ признан доказательством, за исключением случаев, когда законодательством РК не допускается использование только электронного документа. Создан также электронный формат по приказным и упрощенным делам. Внедрены понятие «электронного протокола», регламентация оценки доказательств в форме электронного документа, использование участниками процесса технических средств, дистанционное участие в судебном процессе с использованием мобильных средств связи.

Вместе с тем, в процессе совершенствования системы правосудия в основу ставятся принципы правосудия, предусмотренные Конституцией Республики Казахстан, то есть принципы, обеспечивающие общие условия реализации прав и обязанностей участников процесса.

Маншук КАЛИЕКОВА,
судья Медеуского районного суда города Алматы.

СИТУАЦИЯ

63 ВЕРБЛЮДА ПОГИБЛИ ОТ УКУСОВ КАРАКУРТОВ

В Атырауской области от укусов каракуртов пострадали почти 400 верблюдов. В настоящее время известно о гибели 63 животных, передает AtyrauPress.kz.

По информации пресс-службы управления сельского хозяйства Атырауской области, увеличение численности каракуртов заметили на песчаных участках Индерского, Исатайского и Курмангазинского районов. В данных районах от укусов ядовитых насекомых пострадали 397 верблюдов. Уже получили лечение 217 верблюдов, а 117 животных продолжают лечебные процедуры. Из укушенных каракуртами верблюдов умерло 63.

Напомним, ранее стало известно, что в Атырауской области от укусов каракуртов страдают местные жители и домашний скот. В Индерском районе укусам подверглись 9 человек: 7 взрослых и 2 школьника, а также 81 голова домашнего скота.

Нашествие каракуртов наблюдается и в Шымкенте. За последние пару месяцев в городские больницы обратились 15 человек.

Алматинские врачи дали рекомендации на случай, если каракурт укусит человека. Необходимо как можно скорее вызвать скорую помощь. Не следует надрезать и прижигать место укуса или накладывать жгут на конечность.



БӘРЕКЕЛДІ!

Қаратал ауданы Көпбірлік ауылында заманауи спорт кешені салынып, іске қосылды. Ал Ақсу ауданы Көшкентал ауылында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, ел игілігіне жаңа кейіпте ұсынылды.

Көпбірлік ауылы аудан орталығы Үштөбе қаласынан 180 шақырым жерде. Қызылбалық ауылдық округіне қарасты бұл ауылда 900-ден астам халық тұрады. Жергілікті тұрғындар спорт нысанының іске қосылуын асыға күткен еді. Мердігер компания «Sheber Metall» ЖШС бұл екі қабатты ғимараттың құрылысын 2023 жылы бастап, жуырда пайдалануға берді. Жобаның құны 150 млн. теңге, қаржы облыстық бюджеттен бөлінген.

Жаңа нысанның салтанаты ашылу рәсіміне Қаратал ауданының әкімі Ұлан Досымбеков, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Ұлан Рысқұл және Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері Елсиыр Қанағатов қатысып, тұрғындарды қуаныштарымен құттықтады.

ЖАҢА СПОРТ КЕШЕНІ САЛЫНЫП, МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖАҢАРДЫ



«Дене шынықтыру мен спорт арқылы ұлт саулығын жақсарту бағытында елімізде барлық жағдай жасалып келеді. Бүгін ашылып отырған спорт кешені соның айқын дәлелі. Бұл кешен жергілікті тұрғындардың игілігіне қызмет етіп, болашақ әлем чемпиондары мен жүлдегерлерін тәрбиелеп шығаратынына сенімім мол», – деді аудан әкімі Ұ. Досымбеков.

Жаңа спорт нысанының аумағы 240 шаршы метр. Мұнда балалар мен

жасөспірімдердің дене шынықтыру клубы құрылып, спорттың күрес, волейбол, баскетбол түрлерінен секциялар жұмыс істейді. Сондай-ақ, кешенде 11 штаттық бірлікке сәйкес тұрақты жұмыс орны ашылууда. Кешен заман талабына сай жабдықталған. Енді мұнда ауыл жастары мен жасөспірімдерінің бос уақыттарын тиімді өткізіп, спортпен шұғылдануына барлық мүмкіндік бар.

Сол сияқты жуырда Ақсу ауданы



Көшкентал ауылында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен мәдениет үйі күрделі жөндеуден кейін қолданысқа берілді. Іргесі 1958 жылы қаланған ғимараттың күрделі жөндеуіне 310 млн. теңге, материалдық-техникалық базасын нығайтуға 20 млн. теңге бөлінді. Ғимараттың қабырғалары мен сейсмикалық жолақтары нығайтылды, жылу жүйесі орнатылды, толықтай жаңа кейіпке еніп, айналасы аба-тандырылды. Мүмкіндігі шектеулі

жандарға арналған сары жолақтар жасалып, пандус қойылды. Ғимаратта 180 орынды көрермен залы бар. Мұнда 3 мәдениет қызметкері жұмыс істейді. Мәдениет үйінде домбыра, вокал, қолөнер, үстел теннисі, шахмет үйірмелері бар. Ауылдық кітапхана да осы ғимараттың ішінде орналасқан. Кітапханадағы кітап қоры – 16400.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

САЙЫС

КӨШПЕЛІЛЕР ОЙЫНЫ ҚАРСАҢЫНДА

8–14 ҚЫРКҮЙЕКТЕ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ӨТЕТІН АСА ІРІ СПОРТТЫҚ САЙЫС V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕЛІЛЕР ОЙЫНЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ДҮБІРЛІ ДОДАҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚЫЗУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Байрақты бәсеке ұлттық спорт пен саламатты өмір салтын дәріптеу жағынан да, Ұлы даладағы көшпелілер өркениетінің мұрагері саналатын бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын арттыру тұрғысынан да қажетті екені сөзсіз.

Осы орайда ескерерлік жайт, көктемгі ауқымды су тасқынына байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасымен көшпелілер ойындарын ұйымдастыруға жұмсалатын шығын қысқарды. Атап айтқанда, ойындар бағдарламасына бірқатар өзгеріс енгізілді. Мысалы, корей халқының ұлттық күресі «Ссирым» спорттық бағдарламадан алынды. Сонымен қатар, бірнеше спорт түрі бойынша салмақ категориялары қысқарып, спорттың 10 түрін қамтыған арнайы қойылымдар толығымен алынып тасталды. Десек те, Қырғызстан мен Татарстан республикалары басшыларының өтінішімен ойын бағдарламасына «Көк бөрі» және «Көреш» сайыс түрі жаңадан енгізілді.

Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев: «Бастапқы бюджеттен 1,7 млрд теңге үнемдедік. Сонымен қатар, дүбірлі доданы жоғары деңгейде өткізу үшін демеуші ретінде отандық және шетелдік компанияларды тарту ісі белсенді жүргізіліп жатыр» десе, V Дүниежүзілік көшпелілер ойындарын дайындау және өткізу дирекциясының басшысы Наиль Нұров: «Алдағы қыркүйек айында Астана қаласында өтетін Дүниежүзілік көшпелілер тойының бас демеушісі – «Қазақстан Халық банк» АҚ мен «ALAGEUM ELECTRIC» электртехника компаниясы. Осы демеушілер тарапынан бөлінетін қаржы 253 250 002 теңгені құрап отыр. Бұл қаражат жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ақшаалы сыйлық ретінде үлестіруге, ойынға қатысушылардың әуе билеттеріне, маралаттау салтанаты өткізілетін алаңдарды дайындауға, естелік медальдар мен сертификаттар әзірлеуге жұмсалады», – деді.

Дүбірлі додаға қатысушы мемлекеттерге тоқталар болсақ, дәл қазір елемнің 90 елі ықылас танытып отыр. Осылардың арасында Бруней – Даруссалам, Либерия, Венесуэла, Ирландия, Доминикан Республикасы, Гамбия

қатарлы елдер көшпелілер ойынына алғаш рет қатыспақшы.

Жарыстың басым көпшілігі «Алау» мұз сарайы, «Астана Арена» стадионы және «Қазанат» ипподромында өтеді. Бұл нысандарға күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. Бұйырса алдағы 15 тамызда аяқталуға тиіс.

Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының вице-президенті Тастанбек Есентаевтың мәліметіне үңілсек, Дүниежүзілік көшпелілер ойындары кезінде алаңда 370 төреші 21 спорт түрі бойынша төрешілік қызмет атқарады. Сондай-ақ, осы жарысқа қатысатын еліміз құрамасы мен спорттық жылқылардың функционалдық және психологиялық жағдайын бақылау үшін ветеринар, биолог, генетик, спорттық психология және медицина мамандарының жетекші ғалымдарынан құралған екі топ жұмыс жасап жатыр.

Көшпелілер ойындарына қатысатын еліміздің ұлттық құрамасын жасақтау ісі «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» мекемесіне жүктелді. Дүбірлі доданың негізгі бағытының бірі – мәдени іс-шаралар. Бұл бағытта ұйымдастырылатын мәдени оқиғалар туралы Дүниежүзілік көшпелілер ойындарын дайындау және өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Мұратбек Қыпшақбаевтан сұрап білдік.

«Мәдени бағдарлама спорттық бағдарламадан кем түспейді. Мәдени бағдарлама аясында: «Бірлік керуені» және «Этноауыл: Көшпелілер әлемі» жобасы жүзеге асырылады. «Бірлік керуені» жобасы бүкіл елімізді қамтиды. Жобаның идеясы – ел азаматтарын Дүниежүзілік көшпелілер ойынына тарту. «Бірлік керуені» жобасы аясында өңірлерден 3 киіз үй әкелініп, олар «Көшпелілер ғаламы» этноауылына орнатылады. Отандық және шетелдік этностық топтар арасынан этноауылдың мәдени бағдарламасы қалыптасатын болады. Бұлардан басқа «Тарих және мәдениет», «Спорт», «Орталық Азия көшпелілерінің тамақтануы» атты үш секциядан тұратын «Көшпелілер: тарих, білім, тағылым» атты халықаралық ғылыми конференция өтеді. Бұл басқосу барысында Корея, Словакия, Швейцария, Моңғолия, Малайзия, АҚШ ғалымдары баяндама жасауға өтініш берді», – деді Мұратбек Сұлтанбекұлы.

ТОЛАҒАЙЛАР ТОП ЖАРДЫ

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА «ТОЛАҒАЙ – АЛЫПТАР САЙЫСЫ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. БҰЛ ШАРАНЫҢ МАҚСАТЫ – ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІ НАСИХАТТАЙ ОТЫРЫП, ЖАСТАРДЫ ТӨЗІМДІЛІККЕ БАУЛУ.



«Біздің ата-бабаларымыз ежелден осындай жарыстар ұйымдастырған. Оларға деген қызығушылық бүгінгі күні қайта жанданып келеді. «Толағай» тек жарыс қана емес, саламатты өмір салтын насихаттайтын сайыс. Сондықтан біз мұндай жарыстарды ұйымдастыру арқылы туған жеріміздің даңқын арттыруды көздейміз. Жастар біздің батырларымыздың рухымен тәрбиеленуге тиіс», – деді шараның салтанатты ашылуында сөз алған Алматы облысының денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Ерболат Сарабеков.

«Толағай» алыптар сайысына 18 жастан асқан, салмағы 90 килодан жоғары және спорттық дайындығы бар ерлер ғана қатысты. Өңірдің барлық ауданынан келген алыптар бәсекелі жарыста бірнеше аталым бойынша бақ сынасты. Тарқатар болсақ, 10 кг найзаны оң немесе сол қолмен нысанаға лақтыру, 1 минут ішінде ұзындығы жарты метрлік темір шыбықты желкеде бұғу, салмағы 100 кг болатын тасты белгілі бір қашықтыққа көтеріп тасымалдау, салмағы 100 кг болатын бөренемен бір минут ішінде отырып-тұру, сондай-ақ салмағы 500 кг болатын арбаны бір минут ішінде жылжыту сынды сайыстарға қатысып, толағай күш иесі екендіктерін дәлелдеуге тырысты.

Толағайлар сайысының қорытындысында Іле ауданынан келген Евгений Инкин 1-орын иеленсе, екінші орынға Кеген ауданының тұрғыны Алғалы Нұрсұлтан тұрақтады. Ал жүлделі үшінші орынға таласта Талғар ауданының толағайы Мырзатай Бағланның бағы жанып, турнир жеңімпазы атанды.

Ұ. ИСАБЕК.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚАУІПТІ АУРУДЫҢ БЕЛГІСІ

ЕГЕР СІЗДЕ ХОЛЕСТЕРИН ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ БОЛСА, БҰЛ ҚАНЫҢЫЗДА ХОЛЕСТЕРИН ДЕП АТАЛАТЫН МАЙЛЫ ЗАТТАР ӨТЕ КӨП ЕКЕНІН БІЛДІРЕДІ. ОНЫ ГИПЕРХОЛЕСТЕРИНЕМИЯ ДЕП ТЕ АТАЙДЫ.

Бастапқыда ол ешқандай жағымсыздық туғызбауы мүмкін, алайда уақыт өте ол денсаулыққа қатысты қауіпті проблемалар қауіпін арттырады.

Холестерин артерияларда жиналып, қанның өтуіне кедергі келтіруі мүмкін. Бұл жүрек-қан тамырлар ауруы қауіпін негізгі факторы.

Алайда, көп адам өзінде холестерин деңгейі жоғары екенін білмейді. Себебі ол әдетте ешқандай белгі бермейді. Оны қан анализі арқылы анықтауға

болады. Сондай-ақ, кейде оны аяқтағы мына белгілер арқылы білуге болады:

Аяқтағы түктердің түсуі, башпай тырнақтарының сынғыш болуы және оның өте баяу өсуі, аяқтағы жаралардың (ашық жаралардың) жазылып болмауы, аяқтың ұйып қалуы және әлсіздік, аяқ терісі түсінің өзгеруі, мысалы, бозарып немесе көгеріп кетуі, аяқтағы бұлшықет көлемінің азаюы.



Кей адамдардың жүргенде аяғы ауыруы мүмкін. Бұл кезде бірнеше минут демалсаңыз, оның ауырғаны кетеді. Сондай-ақ, бір аяқ екіншісіне қарағанда қатты ауырады. Бұл белгі де дәрігерге қаралуға себеп.

ӘЗІЛ

АҚЫЛДЫ

Төсек тартып жатқан төреші өлер алдында патшаны шақырып:
– Мен енді өлейін деп жатырмын. Төрешілікті саған тастап кетіп барамын.

– Мен қалайша дауларды шеше аламын?
– Еш уайымдама. Егер алдына ақылды адам мен тентек келсе, әуелі ақылдыны тыңда, сосын шешімін соған қарап бер. Егер екі тентек келсе, мәселесін сот төрағалары-ақ шешіп тастайды.
– Жарайды. Егер екі ақылды келсе ше?
– Өй, болмайтын әңгіме ғой. Қырық жылдан бері төреші болып, екі ақылдының келгенін көрмеппін.

КІМГЕ БЕРМЕКШІ

Үйіне жүгіріп кірген бала анасына:
– Анашым 100 теңге бересіз бе? – дейді.
– Оны қайтесің балам?
– Бір көрі апаға берейін деп едім.
– Өй жарайсың, балам! Дұрыс, қайырымды болу керек! Ол кісі қай жерде?
– Мына көшенің бұрышында балмұздақ сатып отыр.

ЖОҒАЛҒАН КІЛТ

Қожанасыр бір күні кілтін жоғалтып алады. Бақшада іздеп жүргенінде әйелі:
– Кілтті қай жерге түсіріп алған едіңіз? – деп сұрайды.
Қожа:
– Қай жерге түсіргенімді білсем іздеп жүрер ме едім? – депті.

ОҢАЙ ОҚУ

Көзілдірік тағу арқылы оқу оңай болады деп естіген бір кісі көзілдірік сататын жерге келеді. Сатушысының берген әр көзілдірікті тағып көріп: «Жоқ...», «Бұл да болмады...», – деп алдындағы газетке қарап басын шайқап тұрады. Шаршап шыдамы таусылған сатушы: «Сіз өзі әріп танитын бе едіңіз, оқи аласыз ба?», – дейді. Сонда әлгі кісі сатушыға таңдана қарап: «Оқи алатын болсам көзілдірікті қайтсем?» – деген екен.

akparat.com.

КЕРЕК КЕҢЕС

КӨЗ АСТЫНЫҢ ІСУІН ҚАМАЙ
КЕТІРУГЕ БОЛАДЫ?

Кейде таңертең ұйқыдан тұрғанда көзіңіздің асты ісіп тұруы мүмкін. Таңертең көз астының ісіп тұруынан мүлде құтылғыңыз келсе дәрігерге қаралу керек.

Ал егер одан уақытша жылдам арылу керек болса мына тәсілдерді қолданып көріңіз.

Аш қарынға су ішу

Көз ісуінің бір себебі – ағзаның сусыздануы. Сондықтан лимон суы қосылған қарапайым суды көбірек ішкен жөн. Сусызданудың бірінші сатысы – көз астының ісуі, екінші сатысы – көз астының қараюы.

Мұз текшелерімен сүрту

Бұл көз асты ісуін 10 минутта кетіретін әдіс. Алдын ала түймедақ немесе жалбыз қайнатпасын дайындап, оны мұз текшелері тұратын ыдысқа құйып, мұздатқышқа қатырып қойыңыз. Содан соң көзіңіз іскен күні мұздатқыштағы дайын мұз текшесін алып, онымен көзіңіздің астын жайлап сүртесіз. Мұзды 5 минут қолданғанның өзі жеткілікті.

Салқын қасық басу


Екі салқын қасық қан жүретін тамырларды сергітеді. Ұйқыдан тұрған соң өзіңіз жуынатын бөлмеге кірмес бұрын бірнеше қасықты мұздатқышқа салып кетіңіз. Жуынып шыққан соң мұздатқыштан екі қасықты алып, қасықтар жылып кеткенше оларды көзіңіздің астына басып отырыңыз. Егер бір жасағаннан көзіңіздің іскені кетпесе, мұздатқыштан келесі қасықты алыңыз.



Материалдар massaget.kz. сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Зарина
ЗАРИПОВАБекнұр
БЕЙБІТАлима
МОЛДАШҚұрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚБаспаханна директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВБас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші
Айнұр ӘБДІРАХЫМ – тілші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН.

Газет Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп,
№ 8639-Г куәлігі берілген.Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны
мен мәтініне жарнама беруші жауапты.Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде
"Алматы-Болашақ" АҚ филиалы
"Оффсет" баспаханасында басылады.Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы,
Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс
тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.Таралымы 2700
Тапсырыс № 748

Индекс 15534